

Өткізілген күні: «1» желтоқсан 2023 жыл

Қатысқандар: мүшелері

КҮН ТӘРТІБІ:

- Сабаққа үнемі кешігіп келетін оқушылармен профилактикалық жұмыс жүргізу және олардың жауапкершілігін қарау.
- Жайсыз отбасылардан шыққан балалар мен жасөспірімдердің тұрмыс жағдайын жақсарту және оларға әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету шаралары.

ТАЛҚЫЛАУ БАРЫСЫ (ФИКСАЦИЯ):

1. Бірінші мәселе бойынша: Тыңдалды: Тәрбие ісі жөніндегі орынбасар Каепов А.М сөз алды. Ол соңғы айда сабаққа себепсіз үнемі кешігетін оқушылардың тізімін оқып, бұл жағдай баланың үлгеріміне және мектеп тәртібіне кері әсер етіп жатқанын жеткізді. Сынып жетекшісі оқушының таңертең уақытылы оянбайтынын, ата-анасының бақылауы әлсіз екенін атап өтті. Отырысқа шақырылған оқушының ата-анасы сөз беріліп, олар өз қателіктерін мойындап, бұдан былай баланың режимін қатаң қадағалайтындарын айтты.

2. Екінші мәселе бойынша: Тыңдалды: Әлеуметтік педагог Жумабаева А.А баяндама жасады. Ол жайсыз отбасылардан шыққан балалардың үйіне жасалған тексеру актісінің қорытындысымен таныстырды. Үйде баланың дамуына тиісті жағдай жасалғанын, ата-аналарының актімен келісетіндігін мәлімдеді. Мектеп психологы Арингазина Д.Д бұл балалармен өткізілген психологиялық диагностика нәтижесін айтып, балалардың бойында өзіне сенімсіздік бар екенін, қолдау қажеттігін алға тартты.

ШЕШІМ:

- Сабаққа үнемі кешігетін оқушыларға және оның ата-анасына мектеп ережесін өрескел бұзғаны үшін ескерту жасалсын. Сынып жетекшісіне оқушының сабаққа келуін күнделікті таңертең сағат 07:50-де тексеріп, ата-анасымен тығыз байланыста болу жүктелсін;
- Тұрмыс жағдайы төмен және жайсыз отбасылар мектепшілік есепке алынып, бақылау күшейтілсін. Әлеуметтік педагог пен психолог айына 2 рет отбасының жағдайын бақылап, баламен түзету жұмыстарын жүргізсін. Қажет болған жағдайда материалдар аудандық кәмелетке толмағандардың құқығын қорғау комиссиясына жолдансын;

Хатшы:



Арингазина Д.Д